

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы
Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті
Әлеуметтік-гуманитарлық факультет
Қоғамдық пәндер, құқық және экономика негіздері кафедрасы

SAMSUNG GROUP

Орындаған: Балгарина Б. Б. АН 19-12

Тексерген: Тобылов К. Т

- **Samsung Group** – Оңтүстік Кореядағы ірі өнеркәсіп концерннің бірлестігі. 1938 жылы Кореяда негізі қаланған. Әлемдік нарықта жоғары технологиялық компоненттерді, телекоммуникациялық құрал-жабдықтарды, тұрмыстық техникаларды, аудио және видео құрылғыларды өндіруші ретінде танымал .



- «Самсунг» сөзі ((кор. 삼성, 三星, практикалық транскрипция нормасына сәйкес сөздің анағұрылым дұрысырақ дыбысталуы — «самсон») корей тілінде «үш жұлдыз» мағынасын білдіреді. Бұл атау Samsung компаниясының негізін салушы Ли Бен Чхольдің үш ұлына байланысты болуы мүмкін. Кенже ұлы Ли Гон Хи мұрагерлік тұрғысынан отбасындағы жекеменшіктің басым бөлігін үлкен ұлы иемденеді деген бүкіл шығыс дәстүрін бұзып, компанияны 2008 жылдың сәуір айына дейін басқарған.

Компанияның миссиясы

Біз жоғары сапалы тауар жасау мен қызмет көрсету үшін қоғамның жаһандану жағдайының жақсаруына өз үлесімізді қоса отырып, компанияның адами және технологиялық ресурстарын пайдаланамыз.




Компанияның құрылуы

1930 жылдары кәсіпкер Ли Бен Чхоль күріш ұны өндірісі бойынша өз ісін ашады. Тэгу қаласындағы шағын қойма Samsung компаниясының тарихына бастама болады. Сол кездері Корея Жапонияның отары болғандықтан, елде жеке кәсіпкерлікпен айналысу едәуір қиын болатын. Соған қарамастан 1938 жылдың өзінде-ақ Ли Кореядан Қытай мен Маньчжурияға экспорттау үшін өзінің бірінші каналын жасауға қол жеткізеді. Күріш, қант және кептірілген балық сынды азық-түлік өнімдерін жеткізудің қарқынды дамуы Samsung Trading Company сауда маркасымен ресми түрде тіркелуге мүмкіндік берді. Атаудың шетелдік (Корея үшін) көрінісі корейлік кәсіпкердің алға қойған мақсаттарына ұмтылуының, амбициялы жоспарларының арқасында

























Концерннің құрылымы және қаржылық жағдайы

Samsung Group концернінің құрамына кіретін компаниялар электроника және микроэлектроника, химиялық өнеркәсіп, құрылыс, автомобиль жасау, ауыр өнеркәсіп, қаржы және несие, сақтандыру сынды істермен айналысады. Концерн құрылымы ресурстан бастап, олардың қайта жасалуы және дайын өнім күйінде аяқтау сынды электроника өндірісінің толық циклін қамтиды. Конгломераттың негізгі бөлімшелері тек концернге немесе Оңтүстік Корея аумағында ғана тікелей дайын электронды өнімдерді жасаумен айналысып, компанияға қатысты бағынышты функцияларды атқарады. Бұл ерекшелік бөлімшелер бойынша кірістердің орналасуынан анық көрінеді, осылайша концерннің негізгі кірісі электронды өнеркәсіптен келеді.

Құрылымы



2018 жылғы жағдай бойынша, Interbrand консалтингтік компаниясы жыл сайын өткізетін маркетингтік зерттеулердің деректері бойынша Samsung брендтің жиынтық құны бойынша 6 орында.

01  +9% 234,241 \$m	02  +8% 167,713 \$m	03  +24% 125,263 \$m	04  +17% 108,847 \$m	05  -4% 63,365 \$m	06  +2% 61,098 \$m	07  +5% 56,246 \$m	08  +5% 50,832 \$m
09  +4% 45,362 \$m	10  +11% 44,352 \$m	11  +1% 41,440 \$m	12  -6% 40,381 \$m	13  -7% 40,197 \$m	14  -12% 39,857 \$m	15  +3% 35,559 \$m	16  +7% 32,376 \$m
17  +14% 32,223 \$m	18  +1% 26,288 \$m	19  -22% 25,566 \$m	20  +10% 25,092 \$m	21  +3% 24,422 \$m	22  +11% 22,134 \$m	23  +13% 21,629 \$m	24  -1% 20,488 \$m

Электронды өнеркәсіп

Концерн сатылымының 70 пайыздан көбі электронды өнеркәсіптен келеді.

- Samsung Electronics •Samsung SDI •Samsung Electro-Mechanics
- Samsung SDS •Samsung Networks

Электронды өнеркәсіп бөлімшесінің компаниялары бүкіл әлемде жұмыс жасайды, бұйымдардың көп бөлігі экспортталады.

Бөлімшелер қатты диск (HDD), оперативті жад, SRAM (оның ішінде процессор және видеокарталарға арналған чиптер өндірісі), сұйық кристалды мониторлар, сұйық кристалды және плазмалы теледидарлар, GSM, CDMA, 3G және WiMAX бар стандартты мобилды телефондар, IP-телефондарға арналған құрал-жабдықтар, ноутбуктер, принтерлер, тұрмыстық техникалар және т.б. өндірісімен, телекоммуникацияның сымсыз желісі WiMAX-тың үшінші және төртінші нұсқаларын дамытумен айналысады.



Басты өнеркәсіп Сеул қала маңында орналасқан. Бұл кәсіпорында «6 sigma» бақылау жүйесі орнатылған. Мұнда жаңа үлгілер жасалынады, тесттен өткізеді, бірінші өнім сериясын шығарады. Сәтті шыққан соң ғана әлемнің түкпір-түкпіріндегі зауыттарына дайындау ауыртпалығын бөледі. Бұл стандарт концерннің көп зауыттарына енгізілген.

Ұялы телефондар мен смартфондар



Samsung телекоммуникация нарығына 1977 жылы шығады. Он жыл өткен соң 1988 жылы корей нарығында SH-100 ұялы телефоны пайда болады. Бұл тек Самсунгтың алғашқы телефоны емес, Кореядағы алғашқы телефон ретінде тарихта қалған.

Тачскринді алғашқы телефонын Samsung 2008 жылы шығарады. Ал Android жүйесіндегі алғашқы телефон I7500 2008 жылы шыққан. Бұл алғашқы Galaxy болатын. Диагоналі 3,2 дюймдік AMOLED дисплейі бар телефон WiFi-ға қосылатын және GPS қондырғымен жабдықталған.



Қаржы және несие, сақтандыру

Конгломераттың қаржы секторы төмендегі алты компанияны қамтиды:

- Samsung Life Insurance (сақтандыру, қаржы консалтингі, несие беру)
- Samsung Fire & Marine Insurance (мүліктік сақтандыру)
- Samsung Card (несие ұйымы)
- Samsung Securities (инвестициялық банк)
- Samsung Investment Trust Management (Кореяда қаржы салымын басқару)
- Samsung Venture Investment (инвестициялық компания)

Компанияның қаржы бөлімшесі жылына 42 млрд доллар шамасында пайда әкеледі. Оңтүстік Корея аумағында концерннің қаржылық қызмет көрсетуімен айналысады. Samsung Life Insurance Оңтүстік Кореядағы ең ірі сақтандыру консалтинг компаниясы болып табылады. 10 млн клиентке қызмет ете алады. Әлемдік компаниялар арасында 18-орынды иеленеді.

Химиялық өнеркәсіп

Химиялық өнеркәсіп бөлімшесінің құрылымы мынадай бес кәсіпорынды қамтиды:

- Samsung Total Petrochemicals (халықаралық компания, Total Group-пен біріккен кәсіпорын)
- Samsung Petrochemicals
- Samsung Fine Chemicals
- Samsung BP Chemicals (халықаралық компания, BP Chemicals-пен біріккен кәсіпорын)

Сала концернге жылына 5 млрд доллар шамасында табыс әкеледі. Samsung Total Petrochemicals – концерннің химиялық өнеркәсіппен айналысатын ең ірі компаниясы. Samsung Group және химия мен энергетика саласында жұмыс жасайтын Total Group француз компаниясының біріккен кәсіпорны. Мұнай-химиялық кешен 15 зауыттан тұрады, Оңтүстік Кореяның Десан қаласында орналасқан. Тұрмыстық химия, жалпы тұтыну химиясын өндіреді.

Негізгі химикаттар: •полиэтилен •полипропилен •стирол мономері •параксилол •LPG, жанармай

Экспортқа жылына 5 млн тоннаға жуық мұнай-химиялық өнім кетеді. Өндіріс экология саласында ISO стандарттарын қанағаттандырады.

Бүгінде Samsung брендінің қатысы жоқ кәсіпті табу қиын. Қай салада болмасын қолтаңбасын қалдырып жүретін компанияның қарқыны қатты. Тұтынушыға керекті дүниені ұсынудан алдына дан салмайтын компания әлі қандай тосын сый жасар екен?

